# 1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні


ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№17 (444) 30 ҚАРАША 2017 ЖЫЛ




Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев университет студенттерімен сұхбаттасуда. 1998 жыл.

*Университет фото мұрағатынан. Авторы О.Назаров*

## ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР, ӘРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТ ЖАСТАР!

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құтты болсын!

Жыл күнтізбесіндегі 1-желтоқсан күні еліміз үшін маңызды күндердің бірі. 1991 жылғы 1-желтоқсанда бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде, еліміз өзінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлын сайлаған болатын. Осы күннен тәуелсіздік тарихы басталды.

2012 жылдан бері, әр жыл сайын - «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мемлекеттік мереке ретінде аталып келеді.

Отанымыз - Тәуелсіздік алғалы көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Тәуелсіздік тарихының 26 жылында Қазақстан іргелі істерді еңсере білді. Әлем алпауыттарымен иық тірестіріп, тың бастамаларға ұйытқы болды.

Бірлік пен ынтымақты, бейбітшілік пен татулықты ту еткен Қазақстанның әрбір толағай табысы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегінің жемісі екендігі сөзсіз. Бүгінгі «Мәңгілік елді» өзіне мұрат қойған Қазақстан, Орта Азияның ең беделді мемлекеті қатарында.

Ел Тәуелсіздігінің 26 жылдық тарихының әрбір күні Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың атымен қаланып келеді. Сондықтан да, бұл күн мемлекетіміз үшін маңызды.

1 желтоқсан - Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні құтты болсын! Баршаңызға жақсылықтар тілеймін!

**Уәлихан ӘБДІБЕКОВ,**
**университет ректоры, профессор**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

29 қараша күні Әлеуметтік ғылымдар мен Гуманитарлық ғылымдар факультеттерінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы аясында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - бірыңғай сағаты» тақырыбында іс-шара өтті. Маңызды жиынға факультет декандары, декан орынбасарлары, оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты.

Шарада аталған стратегия негізінде және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа бағытталып жүргізіліп жатқан ортақ саясаттың маңыздылығы сынды өзекті мәселелер ортаға салынды.

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М.Топлу, Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы С.Абжалов сыбайлас жемқорлықпен қоғам болып күресуге, адал, әділ болуға шақырды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу басты әрі ортақ міндет. Елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті екенін оқытушылар өз баяндамаларында нақты айтты.

«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы А.Әлімбаева «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері» туралы, «Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының доценті Ү.Мелдебекова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күннің талабы» атты баяндама жасады. Сондай-ақ, Гуманитарлық ғылымдар факультетінің доценті Г.Пилтен, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің аға оқытушысы, PhD С.Баймағанбетов жемқорлықтың алдын - алу жолдары туралы айтты.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.Төлегенов «Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) нәтижелері туралы» мәліметінде пәндер бойынша ОЖСБ-ға қатысушы білім алушылар өте жоғары нәтиже көрсеткенін айтты.

Бұл шара студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы күрес орнататын, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелейтіндей жоғары деңгейде өтті. Кездесу барысында студенттер көкейлерінде жүрген сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды.

**Ақпарат орталығы**


Бүгінгі нөмірден оқитындарыңыз:



ОҚЫТУШЫ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУ МЕКТЕБІ 3-бетте



ОЛЖАМЕН ОРАЛҒАН АҚЫН 2-бетте



АРАЙДЫҢ СУРЕТ ӘЛЕМІ 2-бетте


## ЕНДІ ТАМАҚТАНУ ҮШІН ҚОЛМА - ҚОЛ АҚША ТӨЛЕМЕЙСІЗ




Қазақстанда алғаш болып біздің университетімізде асхана мен буфеттерде электронды карточка арқылы сатып алу жүйесі енгізілді.

Енді сіз асханада уақытыңызды кетіріп, ұзын-сонар кезекте тұрмайсыз. 30-қарашадан бастап жаңа жүйе бойынша электронды карточка арқылы төлеуге болады. Терминал арқылы карточкаға өзіңіз қалаған мөлшерде ақша салуыңызға болады. Салған қаражатыңыз келесі айларға дейін сақталып тұра береді. Терминал арқылы ақша салғанда үстеме ұсталмайды. Казкоммерцбанктің карточкалары студенттер мен қызметкерлерге тегін таратылды. Егер сіз әлі де карточка алып үлгермеген болсаңыз ректораттағы 218 кабинетке барып алуыңызға болады.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

*МҮШӘЙРА

# ОЛЖАМЕН ОРАЛҒАН АҚЫН

**Жуырда Алматы қаласы Дін істері басқармасының ұйымдастыруымен ЖОО студенттері арасында жас ақындар мен жазушылар және журналистер арасында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» атты жыр мүшәйрасы өтті. Біздің университеттің атынан қатысқан журналистика мамандығының 4-курс студенті Нұрбек Кеңесбай I - орынды жеңіп алды.**



Қазақы тәрбиені, дәстүрлі дініміз бен салтымыздың сабақтастығын, патриотизмнің құндылықтарын насихаттауға белсенді қатысқан Нұрбек 300 000 теңге сертификатқа ие болды. Еліміздің ішкі тұрақтылығы мен тыныштығын, ынтымағы мен бірлігін сақтауға бағытталған мүшәйра жалынды жас қаламгерлердің басын қосты. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, дара шыққан Нұрбекке алдағы уақыттарда да жеңіс тілейміз.

**ЯУ-ақпарат**

# ТЫҢ ИДЕЯ ЖАРШЫСЫ

**Оқу ордамыздағы ғылыми кітапханада «Алашорда мемлекетінің 100 жылдығына» орай «Жыл кітабы – 2017» таңдауына іліккен ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын оқуға шақыру мақсатында оқырмандарға арналған керемет кеш өтті.**



«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы елімізді, мәдени мұрамызбен, шығармашылық әлеуетімізбен ілгерілетуге үндейді. Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлттық идеяның жыршысы. Сұлтанмахмұт жастық жігерімен, патриоттық жырларымен жастарға үлгі. Өлеңдерінде жастарды оқу-білімге шақырады. Бүгін де һәм болашақта елеулі өзгерістердің орын алуы – жастардың қолында.

ХХ ғ. басындағы қазақтың іріп-шіріген билеуші табының өскен, тәрбие алған ортасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы - оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ескілікке қарсы үн көтерген "Қамар сұлу" шығармасынан кітапхана қызметкерлері қысқаша көрініс қойды. Одан әрі студенттердің сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын анықтау мақсатында талқылауға арналған сұрақтар қойылды. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері сұраққа толық жауап беріп, ақынның «дала ақыны» мен «қала ақыны» диалог өлеңінен үзінді оқыды. Кітапхана ұжымы мен білімгерлер бірлескен жоба көпшілік көңілінен шықты. Әдебиет жанашыры Ж.Камалқызы: «Алғашқы жобаларыңның қадамы құтты болсын! Біртуар азаматтардың өршіл ақын, жазушылардың қаламынан туған сыршыл шығармаларға жан бітіріп, оқырманға ой саларлық ізгі бастамаларың алдағы уақытта жалғасын тапсын! Тоқтамасын сынды тілегін арнап, кешті ұйымдастырушыларға зор алғыс білдірді. Әрі кітапхана іс-шараларына жиі қатысып, белсенділігімен көзге түскен студенттерге құрмет грамотасын табыстады. Өлеңмен өрілген көріністің өңін кіргізгені үшін кітапхана қызметкерлерін де құттықтады.

**ЯУ-ақпарат**

**Әлеуметтік ғылымдар факультетінде студенттерге арналған «English speaking skills development» атты клуб жұмыс жасауда. Ағылшын тілін үйренгісі келген студенттер ерікті түрде барып, бос уақыттарында тіл үйренуге мүмкіндігі бар. Аталмыш клубтың жетекшілері 3-курс студенттері Адмир Османи мен Ботагөз Унбаева және 1-курс студенті Алмас Байтұрсынов.**

# ТІЛ ҮЙРЕНУГЕ МҮМКІНДІК БАР

Жуырда ғылыми кітапхананың мәжіліс залында «Turkestan mini Mun 2017» конференциясы өтті. Бұл іс-шараны ұйымдастырған «IKTU International Relation Club». Аталған конференцияда жаһандағы күрделі мәселелер, ауа мен судың ластануы және әлемдік жылыну сияқты тақырыптар талқыланды. Конференция қонақтарының арасында еліміздегі бірқатар университеттің білімгерлері мен Шымкент қаласындағы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Адел Кентаева да бар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек», деп айтқан еді. Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сонымен қатар шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі зор. Еліміздегі беделді университеттердің бірі саналатын біздің оқу ордамызда шет тілдерін кәсіби деңгейде меңгеру мықтап қолға алынған.

**А.Байтұрсынов**
**1-курс студенті**

*КӨРМЕ

# АРАЙДЫҢ СУРЕТ ӘЛЕМІ

**Жуырда дизайн мамандығының 2-курс студенті Арай Тұрдықожаның шығармашылық жұмыстарының көрмесі ашылды. Көрменің ашылу рәсіміне Өнер факультетінің деканы Е. Махамбет, Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі Ж.Бейсенбеков және оқытушы-профессор құрамы қатысты. Көрменің ұйымдастырушысы магистр-оқытушы Сара Ергешова. Көрмеге негізінен графикалық шығармалар қойылған. Өнер факультеті, бейнелеу өнері кафедрасында студенттердің ізденіс қабілеттерін дамыту мақсатында шығармашылық жұмыстар көрмесі жиі ұйымдастырылып келеді.**







Көрмеге өнертанымдық баға беру, халыққа таныстыру, соңғы кезде оқыту үдерісіндегі жаңашылдық дәстүрге айналды. Студент туындылары - портрет жанры бойынша орындалған. Адамның ішкі жан дүниесінің сұлулығы сыртқы келбетіне сәйкес келгенде сұлулық нағыз сұлулыққа айналады. Студент-суретшінің тұңғыш көрмесінің алғашқы беті өмірге нұр берген ана образымен ашылған. Көрме мақсаты - көркем сурет арқылы жастарымыздың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру. Шығармада «Ана» портреті арқылы қазақ әйелдеріне құрмет көрсетіліп қана қоймай, оның сұлулығын, ақылы мен парасаттылығын дәріптеу көзделген. Болашақ суретші өз картиналарында өнер адамдарының образдарын жасауға мол орын берген. Әсіресе қазақ елінің бейнелеу өнерінің негізін қалаған суретшілер портреттерін сомдауға ерекше көзқарас танытқан. Бейнелеу өнері шығармалары қабылдауға жеңіл, тілі жатық, білім беру мүмкіндігі мол, тәрбиелік ықпалы басым болып келеді. Осы артықшылықты ескеру ұтымды этнопедагогикалық, этно дизайнерлік істердің бастауы болып табылады.Суретшілер портреттері қазақ халқының тұңғыш суретшісі, Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің портретінен бастау алған. Мұнан соң студент шығармашылығы Қазақстанның халық суретшілері Айша Ғалымбаеваның, Қанапия Телжановтың, Сахи Романовтың, Тоқболат Тоғысбаевтың графикалық портреттерін салумен жалғасқан. Сонымен қатар студент шығармашылығында ұлы ағартушы Ш.Уәлиханов бейнесі шынайы көрініс тапса, қазақ әншісі Батырхан Шүкенов сынды замандас образы графика мүмкіндіктері арқылы айқындалған. Суретші – студент Арай Тұрдықожаның шығармашылығында тек қана өзіне тән даралық өлшемдерді, алдағы уақыттарда терең бастау алатын ерекше белгілерді табуға болады. Ол көркемдік өлшемдер Арай қызымыздың – бейнелеу өнері ішінен графиканы, жанрлар арасынан - портретті, көркемдік стиль бойынша - реалистік бейнелеуді, графика технологиясы бойынша – тұтас сызықтарды қарапайым қалам арқылы сөйлетуді өзіндік дара жол ретінде таңдаған. Ол суретші мамандықтары арасынан «костюм дизайны» мамандығын артық деп таныған. Суретші- студент Арайдың әдеті - замандастар өміріндегі әсемдік көріністерді іздеу, арманы - жақсы мінездерді, үлгілі істерді таңдау, адамның алып істерін сурет арқылы насихаттау, замандастардың көркем графикалық образын композиция тілінде сөйлету болып табылады.

**Қуандық ЕРАЛЫҰЛЫ**
**ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, өнертанушы, п.ғ.д., профессор**

# БАСПАСӨЗДІ ҒАЛАМТОР АЛМАСТЫРА АЛА МА?

**Жуырда ғылыми кітапхананың баспасөз бөлімінде дөңгелек үстел өтті. Қызу пікірталастың басы М.Тазабековтің «Ғаламтор» өлеңінен туындады. Кітапханашы Айгүл Қамбарова еліміздегі соңғы статистикалық мағлұматқа көз жүгіртіпті. Айтуынша ғаламтордан қажетті ақпарат іздеушілердің саны өте жоғары. Халықтың 20 пайызға жуығы ғана кітап оқуда белсенді көрінеді. Мұның сыры неде? Интернетті дұрыс пайдалануды қолға алу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.**

Бүгінгі таңда кітап оқу ықпалы мен ғаламторды пайдалану жөнінде екі жақты пікір бар. Кітап таусылмас қазына. Ғасырлар қойнауынан бастау алған білім көзінің болашаққа берер мұрасы әлі де мол. Жоғалмайтын, шаң басса да тозбайтын, жүректерді жаулайтын шым-шытырық оқиғаға еріксіз еліктіретін байлығымызды ештеңемен ауыстыра алмаспыз. Ғаламтор қысқа-нұсқа берілуімен, тез табыла салуымен ерекшеленеді. Дегенмен толық ақпарат көзіне қол жеткізе алмайсың. Бәрібір соңында қажетті оқу құралын тауып оқуыңа тура келеді. Бұл күнделікті өмірде кездесіп жүрген ақиқаттың бірі. Бұл екі құндылықтың пайдалы тұсын алу, санаға өз әсерін береді. Толық мәлімет алу үшін кітапты ғаламтор алмастыра алмайды. Алайда ғаламтордың да пайдасы жайлы айтылды. Медицина факультетінің студенттері П. Сейітқожа бастаған топ ғаламтордың пайдалы жақтарын айтты. Қарсы бағыттағы топ филология факультеті білімгерлері М.Қаниев, Н.Қабас, Б.Дариға ұлттық тамыр - ұлттық құндылық кітапта екендігін дәлел-дәйекті сөздерімен жеткізе білді. Қорытынды сөз кітапханашы Гүлнара Ділдәбековаға берілді. Жаһандану заманында әлем көшінен қалмай заман талабына ерген дұрыс. Бірақ кітаптың құдіретіне жететін дүние жоқ. Оқырмандар кітапханашыларға көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Осылайша дөңгелек үстел үсті пікірлер тоғысы өз мәресіне жетті.

**ЯУ-ақпарат**

## ШЕБЕРЛІК

**Университетіміздегі академиялық мәселелер жөніндегі департаментке қарасты әдістемелік бөлімінің жанынан «Педагогикалық шеберлік» мектебі ашылды. Бұл туралы газетіміздің 2016 жылғы №16 (424) санында мақала да жарияланды. Жылға жуық жұмыс жасап отырған аталмыш мектептің атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы «Педагогикалық шеберлік» мектебінің меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Гулфайруз ЕРКИБАЕВА-мен әңгімелескен едік.**



# ОҚЫТУШЫ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУ МЕКТЕБІ

**- «Педагогикалық шеберлік» мектебі жұмыс жасап жатыр ма? Аталмыш орталықтың қызметі мен мақсаты жайлы айта кетсеңіз?**

- Оқу әдістемелік кеңесінің №3 мәжілісінің (25 қазан 2016 жылғы) қаулысы негізінде «Педагогикалық шеберлік» мектебі ашылды. Университетте әдістемелік бөлімнің жанынан «Педагогикалық шеберлік» мектебін ашу өзектілігі - білім беру мазмұнын жаңа тарихи жағдайлары, адамның дамуы, Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған 30 елдің қатарында болуы үшін, талаптарға сай білім мазмұнын жетілдіру және қажетті лайықтау өткір сезілуде. Сондықтан педагогикалық қауымдастықтар алдында келесі маңызды міндеттер тұр. Олар:

- білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын тыңғылықты қарастыру, табу;
- педагогтардың оқытуға қатысты дидактикалық өзекті мәселелерін шешу;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, мемлекет аралық бақылау, ұлттық бірыңғай тестілеу талаптарын орындау;
- оқу орындарының алдына қоғамның талаптарын дұрыс деңгейде, оң шешу үшін жалпы оқу-тәрбие жұмыстарын мақсатты, жүйелі, мазмұнды жүзеге асыру.

Педагогикалық шеберлік мектептері, орталықтары көптеген ЖОО мен колледждерде ашылған. Онда жас оқытушылардың тәжірибе жинақтап, кәсіби біліктіліктерін арттыруға жағдай жасалады. Сонымен қатар жаңа білім беру әдістемелері мен реформа жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері талқыланады. Осы мектептердің жұмыс жасап жатқанына дәлел болатын жайт: 5 - қараша күні Еуразия ұлттық университетінде ЖОО-ның оқытушыларына арналған «Teaching Excellence - педагогикалық шеберлік» атты халықаралық семинар болды. Семинарға қатысушылар үшін АҚШ ғалымдары интернет арқылы арнайы дәріс оқыды. «Педагогикалық шеберлік» мектебінің мақсаты: Студенттердің білім сапасын оқытушылардың шеберлігін көтеру арқылы қалыптастыру. Экономикалық, әлеуметтік және жедел саяси жаңару ойдағыдай жүзеге асырылуы үшін, инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына жету үшін, өркениетті елдермен бірге адамзаттың дамуының алдыңғы шебінде болу үшін сапалы білім беру қажет.**- «Педагогикалық шеберлік» мектебінің студенттердің білім сапасын көтерудегі маңызы жайында айта кетсеңіз?**

- «Педагогикалық шеберлік» мектебінің міндеттері:

1.Білім берудің сапасын арттыру мақсатында, оқытушылардың дәрежесін анықтауда пікір білдіру.

2.Кәсіби бағдар беру мектебі жұмыстарын жандандыру мақсатында, мектептің басқаруымен ұлағатты ұстаздармен пән мұғалімдерінің арасында байланыс ұйымдастыру, ғылыми орталықтармен қарым-қатынас жасау (аудандық, қалалық, облыстық білім беру мекемелерімен байланыс жасау, университет ғалымдарымен кездесу ұйымдастыруды жолға қою).

3.Жоғарғы курс студенттерімен тығыз байланыста болу арқылы, мамандарды даярлаудағы ұсыныстарын ескере отырып, жұмыс жасауды жолға қою (студенттердің ғылыми жұмыстарына талдау жасау, марапатталған жұмыстармен, жетекшілермен тәжірибе алмасу).

5.Кафедралардың әдістемелік жұмыстары мен жоспарлағы семинар, конференцияларымен танысып, нұсқаулар беру.

6.Кафедраларда сабақ беруші профессор-оқытушылардың сабақ сапасын анықтап, оны жақсарту мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.

7.Университетте жұмыс істейтін, сабақ беретін жас мамандарға педагогикалық шеберлікті меңгертуде көмек көрсету, жетекші оқытушылардың іс-тәжірибесін тарату.

8.Студенттердің білім сапасын көтеру мақсатында оқытушылардың жаңа технологиялар әдістерін қолдануын талап ете отырып, деңгейлеп оқыту, дамыта оқыту, модульдық, проблемалық оқыту, технологияларды дәріс беру барысында қолдануға үйрету. Біздің қарастырып отырған шеберлік - үнемі жетіліп отыруды қажет ететін білімгерлерді оқыту мен тәрбиелеу өнері. Бұл жерде педагог - өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнінің терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе білімгерлер психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

Мұғалімдер шеберлігін арттыру мәселесі қай кезде болсын педагогика ғылымында алдыңғы орында тұрғандығы белгілі. Оны зерттеушілер еңбектерінен айқын аңғаруға болады. Мәселен, мұғалім шеберлігі формалары мен түрлі әдіс-тәсілі бұрыннан П.Груздев, М. Рубенштейннің педагогикалық іс-әрекеттің ғылыми негіздері және тағы да басқа зерттеулерінде кеңірек орын алған.

Педагогтың білім мен ақпаратты тасымалдаушы ғана болуы бүгінгі күнде жеткіліксіз. Ендеше бүгінгі мұғалім жоғары педагогикалық және психологиялық мәдениетті меңгеруі міндетті.

Психологиялық мәдениетке адамның психологиялық саулығы мен өзін-өзі және басқа адамдарды тануы, өзін-өзі ұстау және қарым-қатынас жасау мәдениеті жатады. Психологиялық құзырлыққа педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби міндетті шешуге қажетті психологиялық білім мен іскерлік кешені кіреді.

**- Биыл қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?**

2016-2017 оқу жылында 44 сабаққа қатысып, 8 семинар өткіздік. Бұл, әрине, аз. Бірақ, 2017-2018 оқу жылында мынадай жұмыстар жоспарланып отыр:

1.Университетте «Педаго-гикалық шеберлік» мектебін ұйымдастыруды (оқытушылардың оқыту сапасын, шеберлігін көтеру арқылы қалыптастыру) ары қарай жалғастыру.

2. Экономикалық, әлеуметтік және жедел саяси жаңару ойдағыдай жүзеге асырылуы үшін, инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру мақсатта факультеттерде семинарлар өткізу.

3.Әр кафедрада жас оқытушылардың сабақтарына қатысып, талдау жасау.

4. Жаңа технологиялар бойынша топтар құрып, STUDIO (3-5 адамнан), сол технологияларды оқыту үрдісінде қолдануына ықпал жасау.

5. Сабақ беру сапасын шебер-кластар (мастер-кластар) өткізу негізінде көтеру.

«Педагогикалық шеберлік» мектебінде жасалынып жатқан жұмыстар университет сайтына салынып, барлық оқытушыларды хабардар етіп отырады. Барлық факультеттерде сабақтарға ену кестесі құрылған. Қазанда Медицина мен Стоматология факультеттері, қарашада Өнер мен Әлеуметтік ғылымдар факультеттері, ақпанда Жаратылыстану мен Гуманитарлық ғылымдар факультеттері, наурызда Филология мен Инженерия факультеттері, сәуірде Кентау дайындық бөлімі мен Шымкент медицина институттарында сабаққа еніп, тәжірибе алмастырады.

«Педагогикалық шеберлік» мектебінде жасалған жұмыстар студенттердің білім сапасын көтерудегі маңызы рөл атқарады. Сол жұмысты нәтижелі орындау – әрбір оқытушының парызы.

**-Университетте оқытушылардың білімін көтеру институты жұмыс жасайды, «Педагогикалық шеберлік» мектебінің жұмысы олардың жұмысын қайталамайды ма?**

-Мүлдем қайталамайды. Оқытушылардың білімін көтеру институты теориялық білім береді, ал біздің мектептің жұмысы – әрбір оқытушының сабағын талдап, көмек көрсету. Практика жүзінде жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету, STUDIO-лардың да мақсаты – теорияны үйретіп, сабақ беру барысында соларды пайдалануды көрсету.

**- Мектептің қажеттілігі туралы оқытушылар қандай пікірде?**

Әдістемелік бөлімнің жанынан «Педагогикалық шеберлік» мектебі ашылатын кезде университетте әдістемелік бөлім факультет төрайымдарының көмегімен студенттер мен жас оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Университеттегі 9 факультетте сауалнамалар негізінде жалпы пікірлері бойынша тұжырым – инновациялық технологияларды оқытушылар меңгеру қажеттілігі анықталды.

2 айдың ішінде (қазан-қараша) факультет төрайымдары, кафедра меңгерушілер, кафедрада әдістемеге жауапты тұлғалармен бірге 27 сабаққа әдістемелік көмек көрсету мақсатта қатыстық. Сабақтарды талдау барысында жас оқытушылар өздерінің алғысын айтып отыр, көп нәрсені үйренгенін, тағы да сабақтарға қатысуымызды сұранып жатыр. Сонымен қатар, кафедрада әдістемеге жауапты тұлғалар сабақты талдау принциптерімен, тәртібімен танысып-үйреніп отыр.

Желтоқсан – қаңтар айларында жас оқытушыларды STUDIO-лардың семинарларына қатыстырып, жеке де әдістемені үйрету жоспарланып отыр. «Білім туралы» Заңның қабылданған білім беру жүйесінің жаңа моделі 2004 жылы ЮНЕСКО ұсынған халықаралық білім жүйесіне сәйкестендірілген. Осы Заңның 8-ші бабында білім беру жүйесінің басым міндеті ретінде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілеріне шығу деп атап көрсеткен.

Инновациялық технологияны меңгеру – мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық келбеттерінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген XXI-ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру – білім ордаларының басты міндеті болып саналады.

**Сұхбаттасқан:**
**Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

# ЕЛБАСЫ - ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

**Қаншама ауыр күндерді артқа тастап, бабаларымыз арман еткен тәуелсіздіктің туын желбіретіп жүргенімізге де сан жылдардың жүзі болыпты. Осы жылдар ішінде Қазақстанды әлем таныды. Өзге елдермен тереземіз теңесті. Қазақстан енді қанатын жайып, өсіп келе жатқан жас мемлекет. Елімнің өркендеп, еркін құлаш жаюына себепкер болған Президентіміз Н.Назарбаевтың қосқан үлесі зор. Ел тізгінін бірнеше жыл бойы абыроймен атқарып келе жатқан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегі мен қаншама жылдар бойы халық үшін төккен тері қанша.**

26 жыл бойы қазақ халқын төркүл дүниенің терезесімен теңестіру үшін бар күш жігерін сарп етіп, еңбектеніп келіпті. Жиырма алты жыл ішінде жиырма алты түрлі баспалдақтан көтеріліп, сан қилы соқпақтарға да төтеп бере алды. Жасаған адал міндетіне халық «Нұр ағасы, Ел ағасы» деп құрметтеп, көкке көтеріп жатады. Бұл да қажырлы еңбектің берекелі көрінісі.

Осыншама жыл ішінде қаншама істер атқарылып, болашаққа айқын жоспарлар міндеттелді. Мысалы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты Елбасымыздың мақаласы ертеңгі келешегіміздің алғы шарттары сияқты. Бәсекеге қабілетті болуды талап ететін мына заманда жастардың тек білімді болуын қалайтын Президентіміз терең идеологияға қарай жол ашты. Біз осы жаңғыру арқылы өзге елдермен иық түйістіре алатынымызға көз жеткізді. Және сол үшін аянып қалмайтындығын айтып, кемелді болашақ есігін білімді адам ғана аша алатындығын айқындап берді.

Мен сенемін! Ертеңгі елдің болашағы айқын боларына. Тағында теңдесі жоқ билеуші мен бел ортаңда білімді жастардың барында қазақ ешқашан шет тұста қалмақ емес. Осыншама жетістіктер мен бейбіт елдің ұланы ретінде Елбасыма мың алғыс айтамын.

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні құтты болсын! Еліміз өркендеп, дами бергей!

**Ғалия БИСЕЙІТ**
**1-курс студенті**

## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

АУДИТОРИЯ
Студенттер беті

# ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

**Қасиетті Түркістаннан орын тепкен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. Университетіміз ашылған жылы негізі қаланған Әлеуметтік ғылымдар факультеті - студенттері бірқатар түркі халықтары өкілдерінен құралған бірден-бір факультет. Осы орайда біз, факультеттің қазіргі жай-күйімен танысу мақсатында факультет деканы Мехмет ТОПЛУ мырзамен сұхбаттасқан болатынбыз.**



**- Қайырлы күн, Мехмет мырза! Факультеттегі ең алғашқы жұмыс күніңіз есіңізде ме?**

- Әрине, алғашқы жұмыс күнімненақ факультетімізде түркі дүниесі елдерінің өкілдері бар екендігін байқадым. Өмірімде тұңғыш рет осыншалық көп ұлт пен ұлыстардың жастарын кездестірдім. Бұл жағдай менің көңіліме қуаныш сыйлады. Түркиядан келген кезімде мұншалық түрлі елдерден келген студенттер бар екендігін білмеген едім. Алғашқы күннен бастап, студенттермен ақырындап танысуды бастадым. Факультетімізде әртүрлі ұлт өкілдерінің оқуы маған Түркі дүниесін бұрынғыға қарағанда жақынырақ тануға және олардың мәдениетімен етене жақын танысуға мол мүмкіндік берді.

**- Факультетіміздегі білімгерлерімізді қандай мәселелер толғандыруда?**

-Оқу ордамыздағы шетелдік студенттердің көп бөлігі біздің факультетімізде, яғни әр 3 талапкердің 1-і. Қазіргі таңда, шетелдік студенттеріміздің ең үлкен кедергісі қазақ және түрік тілдерінде сөйлеу. Аталмыш тілдерде сөйлесу студенттерімізге айтарлықтай қиындық тудырып отыр. Әсіресе, Ресейден келген талапкерлеріміз үшін қос тілді қатар меңгеру ауыр соғуда. Егер бұл мәселелер оң шешімін таппаса, факультеттегі білім сапасының жоғарылауы екіталай.

**- Түрлі қызметтер атқардыңыз. Соның қайсысы жаныңызға жақын?**

-Университетке алғаш келгенімізде, кітапханада өте жақсы істер атқардық. Жаңа ғимаратқа ауысқан кітапханамыз қазіргі таңда Қазақстандағы кітап қоры жағынан ауқымды кітапханалардың бірі. Университеттегі алғашқы жұмысымды Халықаралық қатынастар мамандығының дәрістеріне кіруден бастадым. Жас талапкерлерге бағыт-бағдар көрсетіп, оларды жаңа ақпараттарға қанықтыру көңіліме қуаныш сыйлады.

Соңғы екі жылдан бері факультетімізде декан болып қызмет етудемін. Қазіргі таңда, қордаланған біраз мәселелер оң шешімін табу үстінде. Алайда, алдағы күндері шешілу тиіс проблемалар да аз емес. Әсіресе, шетелдік студенттеріміздің түрік және қазақ тілдерін меңгеруде көш қарқынына баяу ілесуі факультеттің білім сапасын біраз ақсатуда.

**- Бәрімізге белгілі, бұрын Филология факультетінің құрамында болған журналистика мамандығы биыл Әлеуметтік ғылымдар факультетіне қосылды. Осы жағдай туралы өз ойыңыз?**

- Біріншіден, мен оқыған Түркиядағы Гази Университетіндегі Қатынас факультетінде де журналистика бөлімі болған. Қазақстанда да журналистика бөлімінің біздің факультеттің құрамынан табылуы, әрине, қуантарлық жағдай.

Екіншіден, журналистиканың әлеуметтік ғылымдардың бір саласы ретінде танылуы өте маңызды. Алдағы күндері, бұл бөлім студенттерінен игі хабарлар күтемін. Дәл қазіргі олардың басты мәселелері, радио және телевизия студияларының жоқтығы. Дегенменде, бұл қайшылықтар уақыт өте келе реттеледі деген сенімдемін.

**- Өткен жылмен салыстырғанда биыл факультетімізде қандай жақсы жаңалықтар бар?**

- Әуелі, осы жылы әлеуметтік ғылымдар конгресін өткіздік. Конгреске 100-ге жуық ұлт өкілдері, 150-ге тарта ғалымдар қатысты. Аталған конгресс университетімізде атқарылған ең ірі іс-шаралардың бірі. Шетелдік қонақтарымыз осындай қалада көркі көз тартар, үлкен оқу ордасы бар деп ойламағандарын айта келе, таңданыстарын жасыра алмады. Оған қоса, биылғы жылы біршама аудиторияларымыз заманауи құрылғылармен жабдықталды.

Факультетіміздегі мәселелер әсте-әсте шешілу үстінде және университетіміздің даму жолында барлығымыз бірдей ат салысудамыз.

**-Сұхбаттасқаныңыз үшін көп рахмет!**

**Сұхбаттасқан:**
**Бақдәулет АНАРБАЕВ,**
**1-курс студенті**

**Жалпы адам өмірі меніңше, үш сатыдан тұратын секілді. Балалық шақ, студенттік шақ және есейген шағы. Кім қалай өмір сүрем десе де өз еркінде. Қай уақытта болмасын өмірдің әдемі естеліктерін жадында сақтай алады. Дегенмен, ғұмыр парағында өшпестей болып тәтті естеліктермен көмкерілетін - студенттік дәурен. Жұрттың аузында өрбіген осы бір кезеңді әркім әрқалай өткереді. «Студент» сөзі ауызға іліге қалған жағдайда ең бірінші еске орала қалатын сөз «жатақхана». Өзімізден үлкен аға-әпкелерімізден «Студенттік күніңізді қалай өткіздіңіз?» деп сұрай қалған жағдайда олар ең бірінші әңгімесін жатақханадағы қызықтарымен өрбітетіні сөзсіз. Жатақхана ішіндегі қызықты жағдайларды баяндап жүрсек те ондағы қызмет атқарып жүрген аяулы жандардың еңбегін ұмытып жататынымыз жалған емес. Сондықтан, уақытының көп бөлігін жатақханада өткізіп, біздер үшін жұмыс жасайтын жандармен сұхбаттасуды жөн көрдік. Бүгінгі кезекшілікте Гүлжан Құлымбетова есімді тәрбиеші апайымыз екен. Апайдан студенттік шағы туралы сұрағанымда бірден келісе кетті.**



**Гүлжан Құлымбетова, №2 жатақхана кезекшісі:**

# «Барлығы да өз балаларым сияқты»

**- Гүлжан апай. Демалыс күнгі жұмысыңыз қалай өтуде?**

- Бәрі өз деңгейінде, әдеттегідей бірқалыпты өтуде.

**- Демалыс күні басқалар демалғанда сіздің жұмыс істегеніңіз қынжылтпайды ма?**

- Жоқ, несіне қынжылтсын?! Бұл менің жұмысым ғой. Дегенмен, кейде жақындарым қонаққа демалыс күні келіп қалатын сәттері де болады. Сірә, мені осы күні демалады деп ойласа керек. Алайда, осы уақытқа дейін демалыс күні жұмыс істегеніме өкініп көрмеппін. Егер шұғыл істерім шығып қалған жағдайда кезекшілігімді басқалармен ауыса тұрамын. Жалпы айтқанда, телміріп төрт бұрышты әйнек астынан әр бір студенттің кірген-шыққанын бақылап отыру, әсіресе демалыс күні өте қиын.

Расында да, осы уақытқа дейін қалай ойланып көрмегенмін?! Жұрттың бәрі демалғанда мен неге жұмыс істеуім керек?- деп бір рет те болса өзіме сұрақ қоймаппын. Сірә, бұл менің өз жұмысымнан рахат алатындығымның куәсі шығар!

**- Осында қызмет етіп келе жатқаныңызға қанша уақыт болды?**

- 10 жылға жуықтап қалды.

**- Отбасыңызға бөлетін уақыттың басым бөлігі жатақханада өтеді. Бұл жерді екінші отбасы санайсыз ба?**

- Әрине,мұндағы қыздардың барлығы өзімнің балаларым секілді. Барлығының атын жатқа білмесем де,түрлері таныс. Алыстан көре қалған жағдайда жүздерін бірден танимын. Тіпті үйде жүрген күннің өзінде жатақханадағы қыздарымды уайымдап отырамын.

**- Кешкісін кешігіп келетін студенттер көп пе?**

- Көп емес, бірақ мүлдем жоқ деп айта алмаймын. «Бізде студент болғанбыз» деп кіргізіп жіберген сәттеріміз де аз болған жоқ. Дегенмен, бұрынғымен салыстырғанда кешігу тиылған. Қыздардың тәртібі де өте жақсы. Өз басым бәріне ризамын.

**- Кешігіп келген студенттерге қандай іс-шара қолданасыздар?**

- Жатақхана ережесін бұзып кешігіп келген студенттерге ескерту беріліп жатады. Егер жатақханада жататын студент 3 рет ескерту алған жағдайда келесі жылы жатақхана алу құқығынан айрылады. Осындай қатаң талапқа сай болуы үшін біз де жатақхана білімгерлеріне барынша ықпал жасап жүрміз.

**- Сұхбатыңызға көп рахмет, Гүлжан апай!**

**Әңгімелескен:**
**Ғалия САУЫТОВА,**
**1-курс студенті**

# ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

**Қазақ халқы ертеден тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Тәрбиенің ішінде қыз тәрбиесі маңызды рөл атқарады. «Қызға қырық үйден тыйым» деп бекер айтпаса керек. Әрбір қазақ қызының тәрбиесі- болашақ жас ұрпақтың, ұлттың тәрбиесі.**

Қыз баланы өсіруде, өмірдің құндылықтарын, имандылықты да бойына сіңіру ол да бір мәселе. Түсінігімiздегі шашына шолпы таққан, қысқа етек көйлек кимейтін, біреудің көзі түссе қарауға ұялатын қыздарымыз қазіргі таңда некен-саяқ. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демей ме. Алайда көпке топырақ шаша алмаймыз. Көпшілігі заман ағымы деген түсінікті қолданады. Асылында олай емес. Заман өзгермейді адамның сана сезімі болмаса...

Кейбір қара көз қыздарымыз шет елге еліктеп жыртық шалбар, қысқа етек көйлек киетін болды...

Жүрегі қазақ деп соғатын әрбір қазақ қыздарын осындай жат әдеттерден сақтандырып, қоғам болып күрессек, ұлт болашағына жасаған игі іс болар еді. Қазіргі таңда теледидарда пайдалы бағдарламалар саны сиреп бара жатқан секілді. Мысалы Евразия арнасында 18 шілдеден бастап аптаның 5 күнінде халыққа жол тартқан «Қалаулым» бағдарламасы. Айтыңызшы, қай қазақ сүйгенін қалаулымнан іздеп еді. Өте өкінішті. Жоба шет елге еліктеудің көрінісі секілді. Себебі, «Давай поженимся» шоуының қазақша үлгісі. Жас талғамайтын бұл жоба қазақ қыздарын өз жетегіне қосуда. Неге біз өзгелерге еліктейміз? Өзгелерге еліктемейік, өз ұлтымыздың құндылықтарын дәріптейік. Әр қазақ қызы - ұлт болашағы.Қорыта келгенде айтыскер ақын Ж.Бұлғақовтың сөзімен аяқтасақ.

Қарындас дақ келтірме ел тегіне,
Еріп кетпе сайтанның селтеңіне.
Тәрбиеңе мен сенің жауаптымын,
Жауаптысың сен елдің ертеңіне!

**Қалбибі АҒАБЕК,**
**1-курс студенті**

# ҚҰРБЫМ, ТІЗЕҢ ЖЫРТЫҚ ПА?

Сән әлемі қазіргі таңда түрлі тәсілмен, неше түрлі бейнемен дамуда. Бірақ осы даму, қазіргі киім үлгілері жастардың көбіне ұнағанымен, қарт қауымға ерсі көрінуде. Мысалы, жастардың көбіне ұнайтын жыртық джинсы шалбарларын үлкен кісілеріміз жыртық тізе немесе итке таланған адам деп біледі. Осы мәселенің негізгі себебі қазақ жастарының батысқа, шетелге еліктеуінде. XXI ғасыр жастары өз ойын ашық, еркін жеткізе алады. Не қаласа соны жасай біледі. Бірақ біз қанша батысқа еліктесек те біздің бойымыздағы қанмен сіңген ұятымыз, ар-намысымыз жоғалмауы тиіс.

Мұнымен не айтқым келеді. Біз Батыс емес қазақпыз соны естен шығармауымыз керек. Бірақ, әркімнің қалауы өз таңдауы бар.

**Айнұр БАЙТУҒАН,**
**1 - курс студенті**

# ЖАС ҚАЛАМГЕР

## БӘРІ ДЕ ӘДЕБИЕТТЕН БАСТАУ АЛАДЫ...

**Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының жанынан құрылған С.Ерубаев атындағы әдеби бірлестігі жұмыс жасайды. Бірлестік әдебиетке жаны құмар, шығармашылыққа жақын студенттердің басын біріктіріп отыр.**

- Бүгінде өзіңе қажет материалды табу үшін кітапхана жағалап, кітап іздеп әуре болудың қажеті шамалы. Қолыңыздағы смартфонды саусағыңызбен сүйкеп жіберіп, қалаған материалыңызды тауып оқуға болады. Әйтсе де, кітапты қолыңа ұстап (әсіресе көркем әдебиетті), әр бетін парақтап, керек болса қолыңа қалам алып, кей сөздердің астын сызып, оқығаңа не жетсін!.. Қазақтың көркемсөз шебері Ғ.Мүсірепов «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде - ұлт та ұлы бола алмайды» - дейді. Ұлттық идеяны насихаттау үшін жарияға жар салып, көзге түсу шарт емес. Бастысы, әр қазақтың ұлтқа жанашырлығы - бойындағы қасиеті мен ұлт туралы дұрыс ой қалыптастыруы, ол үшін ұлттық болмысымыздың қалыптасу түбірі – әдебиетте екенін түсінсек, соның өзі ойға қуат, бойға күш береді.

Әр жылдарда студенттердің шығармашылығы бойынша «Жас ақындар мүшайрасы» ұйымдастырылып, жас қаламгерлерді ақындық жолға бағыттап отырды. Бүгінде университет қабырғасында білім алып жүрген жас ақындарымыз Б.Дариға, Е.Төлеутай, Е.Құметжан, М.Қаниев, Ғ.Кәдірбай, Н.Кеңесбайұлы 2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты шығармалар байқауында үздік деп танылып, университет көлемінде марапатқа ие болды.

2017 жылы С.Ерубаев атындағы әдеби бірлестігі өз жұмысын жаңа форматта жүргізе бастады. Бұл жолы бірлестіктің жұмысы студенттердің апта сайын бір шығарма оқып, талдаудан бастады. Жоспар бойынша 2017-2018 оқу жылында бірлестік әр жанрды жазылған 53 шығарманы оқып, ой қорытып, әдеби-сын, ғылыми талдау мақалаларын жазып, жариялауды да жоспарлап отыр. Аптасына бір рет бас қосатын бірлестік мүшелері әр аптада жаңа туындымен танысып, шығарма мен автор туралы ойларын айтып, көркемдік иірімдер мен қоғамдағы жұмбағы көп тақырыптардың сырын ашуға, өз елімізде тұрсақ та туған тіліміздің болашағы үшін көркем туындыларды көптеп оқып, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға күш жұмсамақ. Студент жастарымыздың әдеби орта қалыптастырып, көркем әдебиет туындыларына әдеби ой айтып, көзқарастарын ортаға салып, қоғамда оң пікірлі тұлғалар көбейіп жатса болашағымыздың бұлыңғыр тартпайтыны анық.

Бірлестікке мүше жас қаламгерлеріміздің бір топ шығармаларын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Шығармашылық қабілеті бар барлық білімгерлермен бірлестік мүшелері бірігіп жұмыс жасауға дайын екенін де хабардар еткіміз келеді.

**Роза ЕСБАЛАЕВА, С.Ерубаев атындағы әдеби бірлестігінің жетекшісі, Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы**



**Дариға БАҚБЕРГЕН - 2017 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы республикалық мүшайраның 2-орын иегері. ІІІ- курс студенті.**

## БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

Жамандықты түнекпен жасыратын,
Болмысы қара сәуле болғанымен
Ақтанда ашылатын
Түн болғым келеді..

Әлемді әлемімен көрікті етер,
Шық жүрегі пәк қалпы
Өліп кетер.
Таң болғым келеді...

Өзгермес қала берер тұлғасында,
Ғасырларға берілмей
Тұратын шың басында
Қар болғым келеді...

Ақпанда көк аязбен айқасы бар,
Қызарып іңір бола батқанымен
Қайта шығар
Күн болғым келеді...

Ал, сен кім болғың келеді?!





**Марат ҚАНИ, ІІІ - курс студенті.**

## ШАТАСУ

К-ү-ү-ү-з, маған
жылулық берші аздаған
Бір жүз он төрт өлеңге ілікпеген
Бәлкім, жібіп кетер ме екен Мұзғалам?!

Тү-ү-ү-шшш, әлем. Мен келем,
Атамыз Адам да, ең соңғы қауым да көрмеген.
Қолымда тозақтың бейкүнә гүлі бар
Екінші ең Ұлы керемет: азанның дауысына шөлдеген.

Дала-а-а-а тым суық сияқты,
Пальтомды вокзалда ұмытқам
Қалтамда - қайыршы баладан ап алған сияқы...
Бұл өмір - ПАРАДОКС.
Ал, өзім қайда кетіп барамын?!

## «ҚҰДАЙДЫҢ БАСҚА САЛҒАНЫНА» КӨНЕ БЕРЕМІЗ БЕ?..

**Дулат ИСАБЕКОВТЫҢ "Гауһар тас" повесі туралы ой-толғау**

Қазақта ежелден келе жатқан бір сөз бар. Өзі ырым-тиымға да ұқсап қалады. "Құдайдың басқа салғанын көрерміз" деген. Ал, осындағы Құдай кім? Басқа салғаны не, оған көнетін кім? Осыған ешкім үңілмесе керек. Ең кішкене мысал: Осы мақала жазуға келгенде өзіме онша сенім артпайтынмын. Ал, қазір, Құдайдың басқа салғанын көрейін деп отырған жоқпын ба?..

Жақында әдеби ұйымның тапсырмасымен Дулат ИСАБЕКОВТЫҢ " Гауһар тас" повесін талдауға қатыстым. Бірлестіктің кезекті отырысында Қайыркен боп жылап, Тұрымбет пен Ыбышқа нәлет айтып, Салтанатты жоқтап біз отырдық. Арасында оқымай келгендері де бар. Олар жаңағы «құдайдың басқа салғанын көрерміз» деп келгендер ғой!

Талдаудың басы Ыбыштың немесе оны тәрбиелеген әкесі Тұрымбеттің қаталдығына деген наразылықтан басталды. Ешкім ақтағысы келмейді оларды. Салтанаттың өз еркімен Ыбышқа тимегені жайлы сырды ашып кеткен мотор құрушы Әскербек те солардың қатарында. Ал, Салтанат пен Қайыркен біздің сол шығармадан тапқан ең сүйікті кейіпкерлеріміз, тіпті достарымыз, ғашығымыз. Тұрымбет екі баласына бірдей тәрбие берген. Ал, оған үлкен ұлы Ыбыш «Құдайдың басқа салғаны осы» деген де көне берген. Ал, Қайыркен көнбеген. Мәселе осы жерде. Салтанат та өзінің Ыбышқа тиетінін білгенде еш қарсылықсыз «Құдайдың басқа салғаны»- деп, кете берген. Тіпті, кейін Ыбыштан қамшы жеп, қой іздеп молада үсіп өліп қала жаздаған күндерінде де, ол «Құдайдың басқа салғаны» деп көніп жүре берген. Оның кеудесіндегі Ыбышты өзгертіп алам деген өшкін үміт осы бір «Құдайдың басқа салғанынан» аса алмай-ақ кеткен. "Баланы айналып толғана берсең әйел тәрізді жасық боп кетеді " дейді Тұрымбет. Бұл дұрыс-ақ дедік. Бірақ, бәрінің шегі бар емеспе?.. Ерлігі асып жігіт боп кеткен Ыбыштың да қылығын біз түгіл Құдай да ұнатпаған шығар. Сорлы Салтанат Қаратұмсықта үлкен қара тастың тасасында жалғыз өзі "Бәу-бәу, Гауһар тас" деп ән салғанда сол қара тастың түбінде өз кеудесін басарын сезді ме екен?! Бәлкім сезді. Бірақ, сол «Құдайдың басқа салғанын көрерміз» деп, кете берген шығар! Осы бір сөзге бағынбағанда қаншама нәрсе басқаша болар еді. Ыбыш әке тәрбиесіне шектен тыс мойын ұсынбай сәл еркінірек болғанда қандай Ыбыш болар еді. Ал, Салтанат Ыбышқа тиесің дегенде Құдайдың басқа салғанына қарамай қарсы болғанда мүмкін өмірі басқаша болар ма еді… Дудар бас Қайыркен де Салтанатқа ғашық бола тұра «Құдайдың басқа салғанынан» аса алмай жүре бермей, Салтанаттың өз бағына тартқанда қалай болар еді… Сол бір ұзын арқан, кең тұсаудан бәрінің шыға алмағаны жанына батады. Қайыркенді әскерге әкеткелі келгенде де, Салтанат ауырып жатса да, оған ешкімнің әскерге барма, немесе кейін барарсың демей бірден сол «Құдайдың басқа салғанына» көне кетуі, тағы осыған тіреліп тұр. Бұл - сол қоғамдағы көнекөз салт-сана, наным-сенім, кераған қалыптасқан идея болса керек. Мүмкін «Құдайдың басқа салғаны» ол емес, басқа шығар?.. Ал, шығармада бас-аяқсыз шыға келген уақиғалар мен, із-түссіз жоғалып кеткен бірнеше кейіпкерлер бар. Мысалы, Салтанаттың ауыр аяқ болуы. Ешқандай себеп-салдарсыз, елеп-ескерусіз, ескертусіз, аяқ асты ауыр аяқ болған Салтанатқа оқырман біткен таңдана қарап қалдық . Ал, ол байғұс бізге қарар шамасы жоқ, аурып жатыр еді. Тіпті ауырғанына да біраз болған… Сонда ол бала Салтанаттың құрсағына көктен түсті ме, жоқ ішіне көктеп шықты ма? Ал, сосын, шығармада Салтанаттың шешесі Қыжым кемпір деген бар. Бірақ Қыжым кемпірдің өзі түгіл көлеңкесін де көре алмадық. Баласын іздемейтін ана болса да, анасын іздемейтін бала жоқ деуші еді. Ал, Салтанаттың анасын іздегемегені тағы да ұлы жұмбақ. Соншама қиналған, тарыққан сәттерінде анасын есіне алмаған, анасын іздемеген Салтанатты қалай түсінсек екен?! Тағы Салтанат келін боп түскенде қасында болған Балкүл деген құрбысы болған еді. Кейін ол да жоғалды. Мүмкін ол да «Құдайдың басқа салғаны» деп бір жаққа ұзатылған шығар. Сонда да кетіп бара жатқанын көріп қалсақ керек еді ғой. Салтанат сонша қиналып, сонша жабыққанда қасында Балкүл болса ғой деп Салтанатты қойып біз армандадық қой. Ал, Балкүл сол күйі жоғалды. Оларға қарағанда кино көрсететін Аманкелді, моторшы Әскербек, доғдыр Сапарбайлар жөнімен келіп жөнімен кетіп жүрді. Оған да шүкір! "Аяулы адамыңмен айрылысу деген де жақсы ғой, өйткені соңында табысу бар" дейді шығарманың аяғын ала. Қандай әдемі сөз. Бірақ , бұл да жаңағы «Құдайдың басқа салғанына» көндігіп тұрған жоқ па?! Мүмкін, айрылысқан соң қайта табысу жоқ шығар? Сонда оның несі жақсы? Міне, «Құдайдың басқа салғаны» мүмкін басқа шығар деген осыдан шығады. . "Мен өмірге өлгенше ғашықпын, өлгенше … " деді де Салтанат бір ауыз сөзбен өмірге деген құштарлығын білдіріп кетті. Біздің ең ұнатқан сезіміз де, ең елжіреген сезіміз де, ең ойға шомған сезіміз де осы сөз болды. Соңында бәріміз де өмірге өлгенше ғашық боламыз деп шештік. «Құдайдың басқа салғанын көрерміз»...

Шығарманың соңы Салтанаттың қабірі басындағы Тұрымбеттің "Қолда бар алтынның қадірін білмеген, сенің қаталдығың, сенің жігерсіздігің ғой осыған кінәлі" деген сөзімен, Ыбыштың "Мені осыған үйреткен сіз кінәлісіз, әке!" деген сөзбен түйінделеді. Ал, бір шетте "Бұл қабірде ешқашан айтылмаған, ешқашан айтылмайтын менің аяулы махаббатым жатыр. Қош Салтанат" деп Қайыркен тұр… Осының бәріне «кім кінәлі?» деп, көзіміз жасаурап мына жақта біз қалдық... «Қашанғы Құдайдың басқа салғанына» көне береміз осы …

**Арқалық ӘМӘЛИЯТ**
**1-курс студенті**

## КЕШЕ МЕНІҢ АНАМ КІРДІ ТҮСІМЕ

Кеше менің анам кірді түсіме,
Әз- қормалым, панам кірді түсіме,
Көптен бері аңсап, шөлдеп, сағынып,
Көре алмаған адам кірді түсіме.

Кеше менің анам кірді түсіме,
Бақ па, сор ма, пешененің ісі ме,
Шешелерін күнде көріп жүргендер,
Мән бере ме, мен байғұстың түсіне.

Кеше менің анам кірді түсіме,
Жолықтым мен жолықпаған кісіге,
Шам-шырағы сөніп қалған кісіге,
Ол дүниеден келіп қалған кісіге.

Кеше менің анам кірді түсіме,
Өлмепті анам, аман кірді түсіме,
Түс болса да қауыштырған біздерді,
Рахмет, Рахмет, Құдыреттің ісіне.

Түс болса да, Рахмет түсіме,
Сүңгіп кеттім от құшақтың ішіне,
Құмарлана құшып-сүйіп жан анам,
Сөйлеп кетті өткенді еске түсіре.

«Алтын ұлым, ұқыпты бол ісіңе,
Еш жамандық істеп көрме кісіге.
Амандасып, құрмет білдір, үлкенге
Қарайласып, қамқоршы бол кішіге.

Мақтағанға мардымсыма ісіңе,
Ақылға сен, сенбе қара күшіңе.
Кетейін деп осыларды ескертіп,
Ұлым сенің, кіріп тұрмын түсіңе».

Күйзелістен өрт кеткендей ішіме,
Кетпеңізші, кетпе дедім, кісіге.
Кетпеші, деп жылап жатып ояндым,
Қоштасты анам, тісін басып, тісіне.

Бұл өмірдің алтыны не, мысы не,
Алтынды ойлау адамдықтың ісі ме?
Құлын кеуде, құмар көңіл, от жүрек,
Кісінесең, ананды ойлап кісіне!

Құлын кеуде, құмар көңіл от жүрек,
Кісінесең, ананды аңсап кісіне!

**Аманбек ЖАЙДАРМАН**
**1-курс студенті**

# ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi Üniversitesi
ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ
Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

## Üniversitesi Rektörü ve Rektör Vekili Mütevelli Heyet Başkanını ziyaret etti



Ahmet Yesevi Üniversitesinin 24 Kasım 2017 Cuma günü yapılacak olan 55. Mütevelli Heyet Toplantısı için Ankara'da bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, toplantı öncesinde istişarelerde bulunmak ve Üniversitemizdeki çalışmalar hakkında bilgi vermek için Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ı ziyaret etti. Ahmet Yesevi Üniversitesinin hızlı bir değişim ve ilerleme geçekleştirdiğini belirten Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Üniversitemize yaptıkları katkılar ve ziyaretleri için Rektör ve Rektör vekiline teşekkür etti.

## "Dünya Tarihinin Güncel Meseleleri" Sempozyumu yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Beşeri Bilimler Fakültesi Tarih Bölümünün düzenlediği "Dünya Tarihinin Güncel Meseleleri" adlı sempozyum Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.**




24 Kasım Cuma günü Kültür Merkezi toplantı ve konferans salonunda düzenlenen etkinliğe, Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Beşeri bilimler Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Sultanmurat Abjalov'un yanı sıra bölüm başkanları ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı. Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren Programın açılış konuşmasını yaparak organizasyonda emeği geçenlere teşekkür ettiler ve konuşmacılara başarılar dilediler.

Açılış konuşmalarının ardından yapılan sempozyumun genel oturumunda Tarih Bölümü öğretim üyesi Prof. Dr. Muhtar Koja "Emir Timur'un Otrar Şehrinde Ölmüş Olabileceği İle İlgili Yeni Kanıtlar", İlahiyat Bölüm Başkanı Doç. Dr. Muzaffer Tan "Farklı Ziniyet Nasauvurları Olarak Mezhepler", doktora öğrencisi Hakan As "Alaş'ın Liderlerinden Konırkoja Kojıkov", Türkistan Hamza Mektebinin tarih öğretmeni Gülnaz Ütepbergenova "Osmanlı İmparatorluğu İle Buhara Hanlığı Arasındaki Yazışmalar" Beydibek İlçesi S. Eribaev Mektebi tarih öğretmeni Amangeldi Esimhanov "1937-38 Yıllarında Kazakistan'ın Siyasi ve Ekonomik Durumu", Uluslararası İlişkiler Bölümü öğretim üyesi Yrd. Doç. Dr. Raşid Tejibaev "1917 Devriminin Uluslararası Siyaset Açısından Değerlendirilmesi" başlıklı tebliğlerini sundular.

4 oturumda gerçekleşen "Dünya Tarihinin Güncel Meseleleri" sempozyumunda 80'e yakın akademisyen, doktora, yüksek lisans ve lisans öğrencisi bildiri sundular. Sempozyum değerlendirme ve sonuç oturumu ile tamamlandı.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi 55. Mütevelli Heyet Toplantısı Ankara'da yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi 55. Mütevelli Heyet Toplantısı, 24 Kasım Cuma günü Türkiye ve Kazakistan üyelerinin katılımlarıyla Ankara'da gerçekleşti.**

Ankara'da yapılan toplantıya Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Mütevelli Heyet üyeleri; Dr. Serdar Çam, Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Hüseyin Karakum, Bibigül Asılova, Meyramgül Koyanbayeva, Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Nurlan Ajinhanov ve Dr. Nurlan Batırbayev, TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim Bülbül, TÜRTEP Başkan Yardımcıları Prof. Dr. Bekir Buluç ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Kale, Genel Sekreter Ahmet Şevki Zengin ile diğer idari personel katıldı.

Toplantının açılış konuşmasını yapan Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız konuşmasında Mütevelli Heyet Başkanlığı olarak, 54. Mütevelli Heyet toplantısından bu yana geçen altı aylık sürede yapılan faaliyetleri üyelerin bilgisine sundu.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov da, 2017-2018 Öğretim yılı çerçevesinde yapılan akademik faaliyetlerin genel değerlendirmesini yaptı. 54. Mütevelli Heyet toplantısından bu yana gerçekleştirilen akademik çalışmalar ve eğitim-öğretim sürecini içeren bilgilendirmesini sundu.

Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, akademik kaliteyi artırma adına eğitim ve bilim alanlarında hazırlamış olduğu raporunu sundu ve optimizasyon çalışmalarına ilişkin bilgiler verdi.

Mütevelli Heyetin 55. toplantısında birçok önemli kararla birlikte; 2016-2017 akademik gelişim raporları görüşüldü. 2016 yılı İdari ve Mali Denetim Raporu ve 2016 yılı Akademik Denetim Raporunun görüşülmesi ve üniversite hastanesi ile ilgili meseleler görüşüldü. 2018-2019 öğretim yılı Türkiye Cumhuriyeti, Türk Dünyası ve diğer ülkeler, TÜRTEP ve KAZTEP öğrenci kontenjanları belirlendi. Mütevelli Heyet Başkanlığınca, 2018-2019 öğretim yılında verilecek doktora, mesleki bilgi ve görgü artırma eğitimi burs kontenjanları ve alanlarıyla ilgili Rektörlük teklifi görüşüldü.

Toplantı, kararların imzalanmasının ardından çekilen toplu hatıra fotoğrafıyla sona erdi.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencilerinden Yardımlaşma Konseri

**Ahmet Yesevi Üniversitesinde Türkistanlı ihtiyaç sahibi aileler için "Sanat Müziği- Ruhun Gıdası" adlı konser düzenlendi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi İşletme Bölümü 3. sınıf öğrencisi Nurdeulet Kasımbek'in organize ettiği program Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.**

22 Kasım Çarşamba günü Kültür Merkezi Tiyatro ve Sinema salonunda düzenlenen programa Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu, Gelişme ve Koordinasyon Daire Başkanı Ender Sayın ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Büyük ilgi gören konser programında, Nurdeulet Kasımbek'in dombra resitali ile birlikte öğrenciler şarkılar söyledi, şiirler okudu ve halk oyunları gösterileri yaptılar. Program sonunda konuşan Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, "Öğrencilerimizin böyle bir konsere destek vermeleri bizleri onurlandırmıştır. Yardımlaşma, paylaşma ve merhamet gibi insanın asli duygularının tezahürünü görmek insanlık adına ümit verici olmuştur. Öğrencilerimizi tebrik ediyor ve başarılarının devamını diliyoruz" dedi.




## Kazak Şair ve Yazar Sultan Mahmut Toraygırov Anma Toplantısı Yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından gerçekleştirilen "Bir El Bir Kitap Etkinlikleri" kapsamında, Kazakistanlı şair ve yazar Sultan Mahmut Toraygırov (1893-1920) için anma toplantısı gerçekleştirildi.**

**22 Aralık Çarşamba günü Türkistan Yerleşkesi Merkez Kütüphanesi Toplantı ve Konferans salonunda düzenlenen etkinlikte, Kütüphane Müdürü Meruert Absimetova'nın açılış konuşmasının ardından Üniversitemiz öğrencileri tarafından Mahmut Toraygırov'un eserlerinden bazı bölümler okundu.**

Mahmut Toraygırov'un kaleme aldığı "Kamar Sulu" romanından kesitlerin de sahnelendiği tiyatro gösteriminden sonra, Filoloji Fakültesi öğretim üyesi Yrd. Doç. Dr. Canımgül Kemalkızı, Mahmut Toraygırov'uN hayatı, eserleri ve mücadelesini içeren bir konuşma yaptı. Konuşmasında özellikle; Sultan Mahmut Toraygırov'un, Kazak Türk kültürü özümseyerek onun milli ve manevi değerlerini ve bu değerlerin yaşatılmasının milli varlık mücadele gücüne etkisi üzerinde durdu. Kazak kadınının ve ailesinin kendi öz benliğine sahip çıkarak, Türklüğe ve Müslümanlığa ait değerlerin yaşatılmasının önemini vurguladı.

# ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

## Mütevelli Heyet Başkanı TÜBA Başkanı Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar'ı ziyaret etti

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkiye Bilimler Akademisi (TÜBA) Başkanı Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar'ı ziyaret etti. Ziyarette TÜBA Başkan Yardımcısı Prof. Dr. Ahmet Nuri Yurdusev de hazır bulundu.**

Ziyarette Ahmet Yesevi Üniversitesi ile TÜBA arasında yapılabilecek faaliyetler ve ortak işbirliği konuları görüşüldü.

Prof. Dr. Musa Yıldız, Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar'a Ahmet Yesevi Üniversitesi yayınlarından hediye etti. Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar da Prof. Dr. Musa Yıldız'a ziyaretlerinden duyduğu memnuniyeti ifade ederek kendisine teşekkür etti ve TÜBA yayınlarından takdim etti.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencilerinden Diş Eğitimi

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Diş Hekimliği Fakültesi öğrencilerinden anaokulu ve ilkokul öğrencilerine yönelik diş eğitimi kursu düzenlendi. 14-17 Kasım tarihleri arasında, Diş Hekimliği Fakültesi "Dental way" Kulübünün organize ettiği kurs, Türkistan şehrinde bulunan "Akjelken" ve "Kamar Apa" anaokulu ile "Mağjan Jumabaev" adındaki okullarda gerçekleştirildi.**

"Dental way" kulübünün koordinatörü Prof. Dr. Emin Türköz ve Yrd. Doç. Dr. Muhtar Amzibekoviç başkanlığında gerçekleşen etkinlikte Diş Hekimliği Fakültesi öğrencileri, çocuklara diş fırçalama yöntemleri ve bunun ağız sağlığı açısından önemi gibi birçok hususta bilgilendirmelerde bulundu. Çocuklara, günde en az iki kez diş fırçalanması gerektiğini ve yılda iki kez doktor kontrolünden geçmelerini de tavsiye ettiler. Etkinlikte verilen teorik eğitim sonrasında maketler üzerinde pratik uygulamalar gerçekleştirildi.

## "Çağımızın Derdi" etkinliği

**1 Aralık Dünya AİDS günü ve izleyen günler hastalığın işlendiği bir hafta olarak anılıyor. 20. yüzyıldan itibaren hızla yayılmakta olan ve Dünya için giderek önemli bir tehlikeye dönüşen bu hastalık hakkında öğrencileri bilgilendirme amacıyla bu konu Üniversitemizde ele alındı. Güney Kazakistan Eyaleti Sağlık Müdürlüğünün düzenlediği ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi, Diş Hekimliği Fakültesi ile "Medical Tokens" öğrenci kulübünün de destek verdiği "Çağımızın Derdi - Biz AİDS'e Karşıyız" adlı program Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.**

15 Kasım Çarşamba günü Kültür Merkezi Tiyatro ve Sinema salonunda düzenlenen etkinlikte konuşma yapan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Diş Hekimliği Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Yüksel Türköz, Disiplin ve Kültür İşleri Müdürü Lezzet Esentaeva ve Bölgesel Sağlık Hizmetleri Müdürlüğü Türkistan Sağlık Hizmetleri Merkezi Müdürü Guzel Nurullaeva HİV/AİDS' hastalığı ile ilgili bilgiler vererek, gençlere bu konuda dikkatli olmaları tavsiyelerinde bulundular.

Etkinlikte günün anlam ve önemine binaen Öğrenci Gençlik Merkezi Başkanı Kanat Şemseddin "Geleceğini Düşün – HİV Virüsünden Korun" başlıklı bir konferans verdi. Akabinde "Çağımızın Derdi" adlı video gösterimi sunuldu. Tıp Fakültesi ve Diş Hekimliği Fakültesi öğrencilerinin hazırlayıp sunduğu şiir ve konser programında ise hastalıktan korun, sağlıklı ol mesajları verildi.

Güney Kazakistan Eyaleti Sağlık Müdürlüğü ve Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından programda görev alan öğrencilere teşekkür belgesi ve çeşitli hediyeler takdimi yapıldı.

## Ahmet Yesevi Üniversitesinde ''Uluslararası Öğrenci Günü'' Coşkuyla Kutlandı

**17 Kasım Uluslararası Öğrenci günü münasebetiyle Ahmet Yesevi Üniversitesinde kutlama etkinliği düzenlendi. Disiplin ve Kültür İşleri Müdürlüğünün organize ettiği program Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.**



17 Kasım Cuma günü Kültür Merkezi tiyatro ve sinema salonunda düzenlenen programa, Rektör Yardımcıları Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Disiplin ve Kültür işleri Müdürü Lezzet Esentaeva ile çok sayıda akademisyen ve öğrenciler katıldı. Kutlama programında öğrencilere hitap eden Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov, Ahmet Yesevi Üniversitesi 25 yılda 70 bine yakın öğrenci mezun verdiğini ve bu öğrencilerin başta Türk Cumhuriyetleri olmak üzere Dünyanın çeşitli yerlerinde önemli yerlerde görev yaptıklarını dile getirdi. Muhamedjanov, Uluslararası Öğrenci Günü vesilesiyle tüm öğrencilerin gününü kutladı.

Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ise bu günün tarihçesi hakkında bilgiler vererek, "İkinci dünya savaşı sıralarında Prag Üniversitesinde Almanların saldırısı ve Çekoslovakya'nın Almanlar tarafından işgaline karşı yapılan gösteriler sonucu, 9 öğrencinin ölümü, 1200 öğrencinin toplama kamplarına gönderilmesi ve Prag Üniversitesi'nin tüm birimleriyle kapatılmasıyla sonuçlanmıştır. Daha sonra öğrenciler yaşanan bu hadiselere karşılık tepki hareketi başlatmışlardır. Nitekim barışın, sevginin, saygının ve kardeşliğin yanında olan öğrencilerin bu tepki hareketi sonucu 1941 yılında Londra'da bu gün Uluslararası Öğrenci Günü kabul edilmiştir" diye konuştu.

Öğrencinin niteliklerini neler olduğuna değinen Eren, İlk olarak barış, sevgi ve kardeşlik çerçevesinde dürüst ve iyi öğrenci olmalarını, aynı zamanda Dünyadaki gelişmeleri yakından takip eden, yaşanan olaylar karşısında perspektiflerini geliştiren ve olaylara çözüm sunan, topluma faydalı bireyler olmaları gerektiğini vurguladı. Eren, konuşmasını Uluslararası Öğrenci Gününü kutlayarak tamamladı.

Konuşmalarının adından üniversitemizde dereceye girmiş bazı öğrencilere hediye ve teşekkür belgesi takdim edildi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Prodüksiyon Merkezinin hazırladığı konser ve tiyatro programıyla tamamlanan "Uluslararası Öğrenci Gününde'' tiyatro bölümü büyük ilgi çekti.

# «Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Çini ve Seramik Sempozyumu" yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Kütahya Dumlupınar Üniversitesinin ortaklaşa tertiplediği Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Çini ve Seramik Sempozyumu gerçekleştirildi.**

**Çini ve Seramik sergisiyle başlayan sempozyum, Dumlupınar Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. Osman Şan'ın "Kalevani" , Arş. Gör. Gökhan Akca'nın "Oğuz'un Yolculuğu" ve Hamza Üstünkaya'nın hazırladığı "Çınar'ın Gölgesinde Kütahya Çinileri" sergisi katılımcılar tarafından büyük ilgi gördü.**

Açılış töreni 16 Kasım Perşembe günü saat 9.30'da Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi toplantı ve konferans salonunda gerçekleşen sempozyumda, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Kütahya Dumlupınar Üniversitesi Malzeme Bilimi ve Mühendisliği Bölüm Başkanı Prof. Dr. İskender Işık ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon Müdürü Prof. Dr. Alyona Baltabayeva katılımcılara açılış konuşmalarıyla hitap ettiler.

Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Ahmet Yesevi Üniversitesi, kurulduğu günden bu yana Türkiye başta olmak üzere dünyanın pek çok ülkesinden pek çok kıymetli konuğu ağırladığını belirterek, bugün ise burada büyük bir medeniyetin inşaasında çok önemli bir yapı taşını oluşturan çininin, seramiğin ve porselenin üstadlarını ve bu sanatı dünya ile buluşturan üreticileri ağırlamaktan büyük bir kıvanç ve onur duyduğunu ifade etti.

Üniversitelerin yalnızca eğitim-öğretimin yapıldığı yerler değil, aynı zamanda bilimin de üretildiği merkezler olduğunu vurgulayan Kutalmış, "Dünyanın her yerinde üniversiteler, bulunduğu bölgenin rehberidir ve bölgesinin tüm sorunlarını yüklenip aklın ve bilimin ışığında çözüme kavuşturup, bölgesini geleceğe taşıyan kurumlardır. Ahmet Yesevi Üniversitesi de Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin felsefesi ve ekolünü devam ettirerek bölgesini tarihtekinden daha ileri bir düzeye taşımayı kendisine misyon ve vizyon edinmiştir. Bilindiği gibi Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin türbesinin üzerinde yer alan çini işlemeleri 600 yıldır büyük oranda bir değişime ve zayiata uğramadan günümüze kadar gelmiştir. Asırlardır süregelen bu eserler, güçlü ve büyük bir medeniyetin bilgi, birikim, tecrübe ve karakterini temsil etmektedir. Nitekim Üniversitemizde gerçekleştirilen bu organizasyon, işte bu temsil kabiliyetinin hatırı sayılır bir halkasını teşkil etmektedir" diye konuştu.

Açılış konuşmalarının ardından kalabalık bir izleyici topluluğu önünde kongrenin ilk oturumu gerçekleştirildi. Marmara Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. Recep Artır'ın başkanlık ettiği bu oturumda; İtalya Emilia Ünversitesi öğretim üyesi Prof.Dr. Paolo Zannını "An Overview On The Main Technologies to Produce Ceramic Tiles And On The Related Main Technological Problems", Lübnan Labanese Ünversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. Khaled Tadmori"Ceramics in Architecture from History to Modernity", İngiltere Central Lancashire Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. David Binns "Art, Craft, Science & Industry - A Process For Recycling Industrial Ceramic Waste", Dumlupınar Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. İskender Işık "Kil Esaslı Türkiye Tuğla ve Kiremit Endüstrisinin Durumu", Dumlupınar Ünversitesi öğretim üyesi Doç.Dr. Nureddin Gülaçtı "Hoca Ahmet Yesevi Türbesi Çinilerinden Anadolu'ya Mimari Çini ve Seramik Uygulama Örnekleri" ve Dumlupınar Ünversitesi öğretim üyesi Doç. Dr. Veli Uz "Malatya Yöresi Bakır Silikat Mineralinin Çini ve Seramik Pigment Olarak Kullanım Potansiyelinin Ön Araştırması" konuşmacılarının bildirileri ilgiyle dinlendi.

Prof. Dr. Khaled Tadmori'nin oturum başkanlığında gerçekleşen sempozyumun ikinci oturumunda ise; Prof. Dr. Recep Artır "An Overview of the Turkish Refractory Industry: Outlook and Current Perspectives", Dumlupınar Ünversitesi Prof. Dr. Osman ŞAN "Fabrication of High Performance SiO2 Ceramic From Natural Oxides", Dumlupınar Ünversitesi Arş. Gör. Uğur Kut "Kütahya Çiniciliğinin Tarihsel Gelişimi" ve ECE Seramik Satış ve İş Geliştirme Müdürü Emre Berksun "Before & After: The Sanitary ware Production" başlıklı tebliğleri sundular.

Oturumların akabinde Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Çini ve Seramik Sempozyumu çerçevesinde "Geleneksel Seramiklerin Dünyadaki Durumu ve Kazakistan'da Seramik Fabrikası Kurulması" konu başlıklı bir panel gerçekleştirildi. Prof. Dr. İskender Işık'ın başkanlık ettiği panelde; Prof. Dr. Paolo Zannını, Prof. Dr. David Binns, Prof. Dr. Recep Artır, Doç. Dr. Nureddin Gülaçtı, Refsan Tic.Ltd. Şti. Genel Müdürü Gökhan Karaaslan, Eskişehir Viba Seramik Yönetim Kurulu Başkanı Adnan Baykal, ECE Seramik Ahmet Çenesiz ve Altın Çini & Seramik Yönetim Kurulu Başkanı Mustafa Kıratlı konuyla ilgili görüşlerini dinleyicilerle paylaştılar.

Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Çini ve Seramik Sempozyumu ilk günkü programı gala yemeği ile tamamlandı. Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin organize ettiği yemekte katılımcılara ve misafirlere hitap eden Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren sempozyumun düzenlenmesinde emekleri olan herkese, yürütme kurulu üyelerine, sempozyum esnasında görev alan akademisyen ve sanayicilere, seramiğe gönül vererek uzak diyarlardan katılım gösteren bilim insanlarına teşekkürlerini arz ederek hediye takdiminde bulundular.

Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Çini ve Seramik Sempozyumu ikinci gününde ise katılımcılar Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde bulunan Arkeoloji Müzesi, Türk Dünyası Kültür ve Tarih müzesi, Türkistan'ın tarihi mekanlarını gezdiler ve Hoca Ahmet Yesevi ile Arslan Baba türbesini ziyaret ederek programlarını tamamladılar.

# СТУДЕНТ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

*БІР ТАҚЫРЫПҚА ҚОС ХАБАР

## КҮЙШІ НҰРДӘУЛЕТ

Қанатын кеңге жайып құлаштаған заманда жақсылық атаулысынан аттап өте алмасымыз белгілі. Кең кеудеміз тарылып, шарасыздықтан екі қолымыз байлаулы болса да өзгелердің тағдыры үшін алаңдайтын қайырымды халық



емеспіз бе? Жомарттық пен ізгілікті ту еткен қаншама мейірімді жүрек жер бетінде тіршілік етіп жүр. Олардың жасаған игі бастамаларын біреу білсе, біреу біле бермейді. Алайда, ешқашан жасаған жақсылығы үшін ақы сұраған емес. Әсілінде, сол жұрт мақтап, мадақтап жүрген «ел қамқоршылары» кімдер? Олардың біз бен сізден нендей айырмашылығы бар? Менінше, ойланып, ой түбіне батпасымыз айдан анық. Олардың өзгелерден айырмасы қалт етсе көтеріп әкетеуге дайын үлкен кеудесі. Егер жүрек мінсіз болса, оның атқарар қызметі мен жасаған жұмысы адами құндылықты асқақтатып, тартысқа толы мына ғұмырда беделінді жоғарылататыны сөзсіз. Сіздермен бөліскелі отырған жайымыз да, «жақсылық керуенінде» ескегін есіп жүрген абзал азамат жайлы.

Университетіміздің үлкен мәдениет залында өзінің «Ұлт өнері-рух азығы» атты қайырымдылық-шығармашылық кешін жүрексінбей өткізген Нұрдәулеттің бастамасы кімнің де болмасын жүрегіне от тұтандырмай қоймады. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3-курс студенті Нұрдәулет Қасымбек бұған дейін де әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек беру, қолдау көрсету мақсатында қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға себепкер болып жүрген жан. Қазағымның қара домбырасын асқақтата, кідірмей ойнатуы баршамыздың жүрек түкпіріміздегі мейірім отының тұтануына жол ашқан сыңайлы. Әсіресе, Нұрдәулеттің сүйемелдеуіндегі Төлеген Момбековтың «Салтанат» атты күйі көзге еріксіз жас алдырды. Автордың әйеліне деген сағынышын жас талант мүлтіксіз орындап шықты. Сондай-ақ, қағытпа қалжың мен астарлы әзілдің түбін түсіретін «Стипендия 0 теңге» командасы да өз өнерлерін көрсетіп, көрермен көңілін көтерді. Сахна төріндегі жанды дыбыста орындалып,шертілген аспап үндері ерекше әсер қалдыра білді. Не бәрі бір сағат көлемінде орын алған Нұрдәулет Қасымбектің қайырымдылық-шығармашылық кеші, қаншама жанның кеудесіне жылылық сыйлай отырып, ізгі бастаманың себепшісі болуға шақырды. Төрт бұрышты қайырымдылық үшін арнайы қойылған көк жәшікке студенттер мен оқу ордамыздың қызметкерлері ағыла түсті. Кеш соңындағы Нұрдәулет Қасымбектің ерекше тебіреніспен, көзіне жас ала айтқан алғысы бүкіл залдың қошеметіне бөленді.Өзгеге қайырымдылық жасап,қиын кезде қол ұшын созғанның өзі; Тәңірімнің адамзатқа тарту еткен бір сыйы іспеттес. Ойлап қараңызшы, сізде біреудің бақытты болуына себепкерсіз, сөнгелі тұрған жарықтың лапылдап жануына үлес қоса аласыз?! Нұрдәулетте сол кішкентай ғана баспалдақтан үлкен керуеннің ауласына қарай жылжи түсті. Шіркін, аядай ғана тамырлы ғұмырда жақсылық пен қайырымдылық керуеніне ілесіп жүрудің өзі бір бақыт емес пе?!

**Ғалия САУЫТОВА,**
**1-курс студенті**

## АҚТӨБЕДЕ КӘСІПКЕР СТУДЕНТТЕР ТЕГІН ТАМАҚТАНАТЫН АСХАНА АШТЫ

ҚазАқпарат агенттігінің хабарлауы бойынша Ақтөбелік кәсіпкер Ербол Байжарқынов студенттерді тегін тамақтандырып жатыр екен. Ақтөбеде «Қазақ» асханасы ашылды. Мұнда студенттік билет арқылы тегін тамақтануға болады. Ас мәзірінде сорпа, етті макарон, шай мен қант, нан бар.«Өзім Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университетінің II курс студентімін. Қызылорда облысынан келіп оқып жатырмын. Жаңа асхананың ашылғаны туралы ақпаратты әлеуметтік желі арқылы естідім. Бұл біз үшін жақсы жаңалық болды. Енді асханаға жиі келіп, тамақтанамыз», – деді студент Бердібек Аманбек. Кәсіпкер күніне 100 студентке тегін тамақ әзірлеп береді. Аспаздар түске дейін, түстен кейін екі рет тамақ пісіреді. Барлығы екі аспаз, екі қамыр илеуші мен еден жуушы еңбек етеді. Даяшылар да жұмыс істейді.«Студенттерге арналған асханада бес түрлі тағам тегін. Ал өзге адамдарға бәрі ақылы болады. Асхана 8 сағат жұмыс істейді. Ашылған алғашқы екі сағатта 60-тан астам адам келіп, ас ішті. Бәріне алдын-ала хабар берілді. Жоғары оқу орындарына ақпараттық қағаз таратылды», – деді асхана әкімшісі Ақмаржан Үмбетова. Айта кетейік, бұл асханада әр сенбі сайын студенттер жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, олардан бизнесті бастау жолын үйрене алады. «Өз тәжірибеңмен бөліс!» атты кездесу де тегін өтеді.

**Stan.kz**

## ЕЛБАСЫ АШҚАН ОҚУ ОРДАСЫ

Алғаш студент атанып, оқу ордамыздың табалдырығын аттағанда оқу ғимараттарының әсемдігін көріп, таңдай қаққан болатынмын. Міне, күн өткен сайын университет жайлы бір дерек естіп таңырқауым әлі толастар емес. Елбасымыздың: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім шаңырағына айналдырады» деген сөзін оқып, оқу орнымыздың Түркістанның түркі әлемінің астанасы ретінде қалыптастыру мақсатында құрылғандығын түсіндім. Президентіміз Н.Назарбаевтың болашақты көрегенділікпен көре білгендігін 2017 жыл Түркістан қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы жылы атануы да дәлелдеп тұр. Тікелей Президенттің бұйрығымен ашылған университетіміз, көп жоғары оқу орындардан бір саты жоғары екендігін сезіне бастадым. Күнделікті шет мемлекеттен келген студенттермен танысып, бірге білім алып жатырмыз.



Конференциялар мен мәдени іс-шаралар жиі ұйымдастырылып біздің білім көкжиегіміздің кеңеюіне жан-жақты жағдай жасалуда. Тек телеарналардан көріп жүретін журналист Серік Сейтман және актер Әділ Ахметовпен де осы университеттің қабырғасында жүргендіктен жүздесіп, сұхбаттасуға ие болдық.

Барлық түркі тілдес елдерге ортақ ғажайып тарихы мен сырлары бар оқу ордасында білім алып жатқан біздерде, арман бар ма, шіркін!

**Нұрсұлу БҰХАНБАЙ,**
**1-курс студенті**

## ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН КЕШ

**Қазақ халқы қашанда қайырымдылық жасау жолында белсенділік танытқан. Бұған дәлел қараша айының 24-жұлдызында университет мәдениет сарайында "Үміт оты" атты қайырымдылық кеші болып өтті.**

Гуманитарлық ғылымдар факультеті "Ясауи жастары" клубы тарапынан ұйымдастырылған бұл концерт ерекше жылулықпен әрленді. Сондай-ақ, көрермен қатарында университет студенттері мен оқытушылары ғана емес, басқа да оқу орындарының жастары келді. Ал, сахнадағы көрсетілім жайлы айтар болсақ, өнерлі жастардың барлығы үлкен дайындықпен келгені көрініп тұр. Әсіресе, Өнер факультетінің 2-курс студенті Жанай Шолпанның "Жетім монологы" көрерменге ерекше әсер қалдырды. Тіпті, көпшілігінің көзіне жас үйірді. Монологты естіген жастарымыз болашақта жетімдер санын арттыратын қателіктерге жол бермейді деген ойдамын. Қысқасы, бірде жылатып, бірде жайдарманшы жігіттер арқылы күлкі сыйлаған қайырымдылық концерті керемет өтті. Көрермендер де көңілді болды.

Қайырымдылық – адам баласының биік,асыл қасиеттерінің бірі. Осындай жақсы қасиеттерімізді әрқашан, әр уақытта дамыта білейік.

**Мөлдір АБДУЛЛАХАНОВА,**
**1-курс студенті**

## ТАЗАЛЫҚ САҚТАЙЫҚ!

**Көшенің қақ ортасында кетіп бара жатып былш еткізіп түкіретін адамдарды көріп жүрген шығарсыз. Оған күмәнім жоқ. Әсіресе ер-азаматтар жиналатын жерлерде осы көріністі жиі байқаймыз.**

Кейде топ болып тұрған жігіттердің қасынан өтіп бара жатып та, мәдениетсіздіктің шарықтау шегін байқамай кетпейсіз. Тазалық қызметкерлері тазалаған жерге рахаттана тұрып түкіріп тұратыны тағы бар. Ал, мына көріністен әйел адамдардың қалыспай жатқандарын айтуға болады. Кеше ғана жас келіншек баласын жетектеп кетіп бара жатып көшенің қақ ортасында түкіріп бара жатқанына куә болдым. Ең сорақысы сол, қолында жетектеген баласы да, ана қылығына назар салғаны. Ертең сол жеткеншек анасының істеген бейәдеп қылығын қайталайтыны сөзсіз. Өйткені оған үлгі болатын жақындары мен қоршаған орта. Сондықтан мұндай әдепсіз көріністер тек қоғамдық орындарды, табиғатты ғана емес адамның санасын да ластайтынын ұмытпайық.

**Несібелі УБАЙДУЛЛА,**
**1-курс студенті**

## ТЕАТР - ТӘЛІМ МЕКТЕБІ

**Сахна төріне шыққалы бері патша көңіл көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келе жатқан «Тірі жан» спектаклін көрмеген жан жоқ шығар, сірә! Өзіндік қолтаңбасы бар, бүгінгі ұлт әдебиеті төрінен лайықты орын алған қаламгер, жазушы -драматург Жолтай Жұматтың бұл туындысы 1-қараша күні Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театрында қайта сахналанды.**

Бұл қойылымда қазіргі таңдағы қоғамда ушығып тұрған мәселелердің бірі - бала сату мәселесі көрсетілген. Қазақ халқы ешқашан өз туған баласын сыртқа теппеген, бала сатып бизнес жасамаған. Керісінше патриоттық сезімді жастайынан отбасын сүюді қалыптастырған. Қазіргі таңда сәбилеріміз өзге елдің тілінде сөйлеп, сол елдің азаматы атануда. Қаншама қара көздеріміз мұхит асып, шет елдерге кетуі ащы шындық. Осы мәселелерді көркемдеп көрсете білген қызықты қойылым көрерменнің көзіне жас толтырды. Пьесада көрермен назарын өзіне ерекше аударған басты кейіпкер - Үлмекен. Жастықтың аласапыран күйіне түсіп, туған баласын жетімдер үйіне тапсырды. Кейін оны қайтарғысы келгені, бірақ тым кеш болғанын, баласының шет елге сатылып қойғанын естіген ана бейнесін жанды монологымен әдемі аша білді. Басты кейіпкерміз білім ордамыз Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлегі - Гүлзада Айтбаева. Ол 2011 жылы жоғары актерлік шеберлігі үшін «Театр өнері» номинациясы бойынша «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты атағымен марапатталған. Тағы бір өте сәтті шыққан кейіпкер Шөкен Амантұровтың –Элтон бейнесі. Элтон - американдық азамат заңсыз бала сатумен айналысушы. Элтонның ақшақұмарлығы, өзімшілдігін, қатыгездігін актёр сәтті көрсетіп шықты. Сахнаның безендірілуі де (суретшісі К.Шериев) драманың сәтті қойылуына өзіндік әсер берген. Әртістерімізге көңіл-күй тудыратын көрермен. Спектакль талғампаз көрерменнің жоғары бағасын алды десем қателескенім емес.

Робер Лепаж «Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады» деген. Әрине адамдықты сақтап қалудың түрлі жолы бар, бірақ театрға келіп те рухани азық алу, ол олжа. Сондықтан да келесі сахналанушы спектакльдерді жіберіп алмаңыз!

**Мадина ЕСІМОВА,**
**1-курс студенті**

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер: Э.Артықбаева, Ғ.Тәжібаев, Г.Қарабек және журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр Сердәлі, Сүлейман Доған

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшірін басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов 29, Бас ғимарат, 601-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі 10-20
Электрондық пошта: a.yassaui@mail.ru

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.
Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана
Тапсырыс нөмірі:

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ